

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Эпикур мен Зенон:
жақсы өмірдің сыры. 2-бөлім

1-тарау. Антикалық философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 8. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 2-бөлім

Зенон

Өмірі

Зенон стоицизм мектебінің негізін қалады. Ол шамамен б.д.д. 336 жылы Кипр аралының жағасында орналасқан Киттион қалашығында дүниеге келді.

Тегі бойынша ол финикиялық саналады. Сауда-саттықпен айналысатын финикиялық тұрғындар бұл жерді ежелден мекен еткен.

Әкесі Мнасей де саудамен айналысты, Зенонның өзі де белгілі бір уақыт әкесімен бірге жұмыс істеген сияқты. Афинаға жиырма жасында келді. Платон мен Ксенофонттың Сократ туралы мәліметтерді қамтыған еңбектерін оқыды және осы ұлы философ жайындағы естеліктерден ерекше әсер алды. Оны Сократтың сот кезіндегі беріктігі, өлімге кесу үкімін естігендегі шексіз сабырлылығы, байлыққа менсінбей қарауы және бұл дүние игіліктеріне немқұрайдылығы айрықша таңдандырды. Оны циниктердің философиясы да қызықтырды. Десек те, ол Афинаның философиядан сабақ беретін көптеген данышпандарынан тәлім алды, ақыр соңында отыз бес жасында философиялық мектебін құрды. Оның еңбектерінің аздаған үзінділері ғана сақталып, бізге жетті.

Стоицизм сөзі гректің «*stoa*» сөзінен шыққан, ол «бастырма» дегенді білдіреді.

Афинадағы ізбасарларын «*stoa poikile*» немесе безендірілген бастырма деп аталатын галереяның көлеңкесінде оқытты.

Зенон шәкірттерінің қатары күн санап көбейе берді. Данышпан философ даңқы туралы біртіндеп таралды. Ол тамаша шешен, өзіне де, шәкірттеріне де аса талапшыл болды. Қарапайым ғұмыр кешті. Көзінің тірісінде-ақ афиналықтар оған ерекше құрмет көрсетті. Көптеген адамдар оның сұхбаттарын тыңдауға ынтық болды. Шәкірттері өздерінің қарапайым, бірақ талапшыл ұстаздарын жақсы көрді.

Стоицизмнің біршама ұзақ және алуан түрлі тарихы бар. Кейінірек оны Рим философтары да тез қабылдады. Зенонның жеке өмірі туралы біз тым аз білеміз. Ол Афинада б.д.д. 264 жылы 72 жасында дүниеден өтті.

Ойлары

Стоицизмнің Эпикур ілімінен айырмашылығы – тарихта оның түрлі нұсқалары болды; стоицизмнің аясында одан әртүрлі философиялық бағыттар мен ағымдар бөлініп шықты. Стоиктер ілімінің бастапқы формасы барынша өзгеріп отырды, осы өзгерістерді шектейтін қатаң шеңберлер де аса байқалмады. Оның әртүрлі бағыттарының даму процестерін талқылау тарихын жеке тақырып қылуымызға болады. Біз үшін Зенон ілімінің негіздерін қарастыру және стоиктердің соған жақын мектептердің ойларын қарастыру маңызды.

Антисфен және стоицизм

Б.д.д. 435–370 жылдары өмір сүрген Антисфен – Афинадан шыққан грек философы, Сократтың шәкірті, киниктер мектебінің негізін салушы.

Антисфеннің жетпіске жуық философиялық және риторикалық еңбектерінің аты белгілі, оның ішінде «Аякс» пен «Одиссей» деп аталатын екі декламациясы толығымен сақталған. Жеке білім ғана ақиқат болуы мүмкін деп Сократтың ілімін ары қарай дамытты. Платонның идеялар туралы ілімін сынға алып, тек жеке заттардың болмысын нығайтады. Дегенмен киниктердің сыны өркениеттердің барлық жетістіктерімен бірге алғанда үлкен мән-мағынаға ие болды, мұнда ол адамдарды тек қана керекті қажеттіліктермен шектеліп, азға қанағат етуге шақырған. Антисфеннің пікірінше ең жоғарғы ләззат пен игілік – еңбек, өмірдің мақсаты – рақымшылық. Сол кезеңдегі қалыптасқан әртүрлі ілімдерді жинақтаған оның философиясы өзінен кейінгі дәуірлерде қалыптасқан көптеген философиялық жүйелерге негіз болды. Антикалық тарихта



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 8. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 2-бөлім

ол киниктер, стоиктер, скептиктер және т.б. бағыттардың қалыптасуына ықпал еткен ойшыл болып саналды. Мысалы, Ксенофонт шығармасында Антисфен Сократтың сенімді шәкірті ретінде аталса, өзін Сократтың ізбасары санаған және онымен көзқарастары қарама-қайшы келген Платон өз диалогтарында оны Сократтың теріске шығарған және келемеж еткен софистердің бірі деп жазады; киниктердің ілімімен таныс болған Афиней еңбектерінде Антисфен «ит» және киниктердің басшысы деп сипатталады; Ойшылдың этикалық іліміне қарағанда диалектикалық парадокстарын тереңірек зерделеген Аристотель оның ізбасарларын киниктер емес, антисфениктер деп атау керек дейді. Бұл шындыққа жақын келетін сияқты, өйткені стоик Зенон өз ілімінің түпнегізін Антисфенмен байланыстырады, ал скептиктер дүниені пайымдауға болмайды деген көзқарасты берік ұстанған Антисфенді өздерінің ілімінің негізін салушы деп есептейді.

Оның философиялық шығармалары өзінен кейінгі дәуірлерде өмір сүрген Цицерон, Юлиан, Прокл және т.б. ойшылдардың арасында кеңінен танымал болды.

Материализм

Зенон метафизикалық абстракциялармен айналысқан жоқ. Ол материалист болды және сезімдері арқылы алған дәлелді білімдерге ешқашан күмәнданбады. Нақты өмір, Құдай, ізгі қасиеттер, әділеттілік – мұның бәрі қатты және материалды. Бұл аздап қисынсыздау да секілді. Бірақ осыған қарамастан біз оны материалист болды деп тұжырымдай аламыз. Оның ілімінің бұрыстығына сендіруге бағытталған кез келген талпыныс лайықты жауабын алып отырды. Алайда философ үшін бұл жағы мүлдем маңызды емес еді. Стоицизмнің физика туралы ілімі қазіргі уақытта аса маңызды емес. Алайда стоиктердің физика туралы түсініктері антика дәуірі адамдарының қалай ойлағанын түсінуге мүмкіндік береді. Стоиктердің көзқарасына сәйкес, алғашқыда дүниеде тек бір элемент – от қана болды, басқаларының бәрі – ауа, су, жер кейін пайда болды. Зенон ілімінің маңызды ұғымдарының бірі – космологиялық детерминизм. Космологиялық детерминизм дүниеде болып жатқанның бәрін болмыстың қатаң заңы анықтап отырады деп тұжырымдайды; болғанның бәрі қайтадан болады – оқиғалардың, құбылыстардың және процестердің бәрі цикл бойынша қозғалады және бұл цикл шексіз. Стоицизм философиясының мәні метафизикалық толғаныстар немесе таным теориясы емес, ол жеке адамдарға қалай жақсы өмір сүру туралы кеңес берді. Әрине, оның метафизикасы мен логикасының алғашқы нұсқалары сақталмады, олар елеулі өзгерістерге ұшырады. Бірақ стоицизм этикасы оның ұзаққа созылған тарихы барысында өте тұрақты болды.

Стоицизмдегі ізгі қасиеттер

Эпикур философиясы секілді стоицизм де адам өмірі өзгермелі және баянсыз деп пайымдайды. Ежелгі гректер үшін үйреншікті ежелгі дүние келмеске кетіп, билік басқалардың қолына өтті. Барлық адамды өзіндік ерекшелігі бар кішігірім қауымдастыққа біріктірген қала-мемлекеттердің өмір сүру мерзімі аяқталды. Қала-мемлекеттер тәуелсіздігінен айырылды, уақыттың әртүрлі кезеңдерінде олар зор империялардың құрамына кірді. Ескендір Зұлқарнайын Батыста ұлы империя құрған алғашқы адам болды. Осы жағдайларда стоицизм ілімі адамға қандай да бір сыртқы ықпалға немқұрайды қараудың қажеттілігін көрсетуге мән берді. Стоиктер «дүниені бар затты түгел көретін және бәрін білетін әлдене басқарады» деді. Болып жатқан істің бәрінде қалай болғанда да адамзатпен байланысты белгілі бір мақсат бар. Бәрін жетектеуші бастау – Құдай; дүниенің жаны да сол. Құдіретті оттың ұшқындары әрқайсысымызда бар. Кез келген адам өмірі өз мәніне, өзінің пайда болуына себепкер табиғатқа қарсы келмегенде ғана жақсы болмақ. Бірақ әр адам өз табиғатына бағынуы тиіс. Ізгілік – адам еркінің болмыстың табиғат орнатқан шеңберлеріне бағынуы. Алайда бұл – мағынасы уақыт өте өзгерген сөз. Ежелгі гректер осы сөзді адамның ізгі қасиеттерінің іс жүзінде көрінуі деген мағынада қолданды.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 8. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 2-бөлім

Детерминизм және еркіндік

Міне, енді біз стоицизм философиясының негізгі идеясы бір уақытта детерминизммен де, адам еркіндігімен де байланысты екенін көреміз. Әр адамның өмірінде бар жалғыз құндылық – ізгілік қана. Денсаулық, байлық, бақытқа ұмтылу – мұның бәрі ізгілік болып саналмайды. Ізгі қасиеттер адамның – еркінде. Адам кедей, ауру, қоғамы қабылдамаған жан болуы мүмкін, бірақ бұл сыртқы жағдайлардың бәрі оған сырттай ғана әсер ете алады. Адам өзін жалған тілектерден аулақ ұстап, оларға немқұрайды қарай алса ғана толық еркіндікке ие боп қалады. Ешбір сыртқы күш адамнан оның ізгі қасиеттерін тартып ала алмайды. Осылайша стоицизм бізге ықпал ететін сыртқы факторларға немқұрайды қарауға үйретеді: жақсылық пен жамандық адамның өзіне байланысты.

Егер кімде-кім айналада болып жатқан оқиғаларға қалай немқұрайды қарау қажеттігін түсіне алса, сол оқиғалар оған билік жүргізіп, ықпал ете алмайды. Адамның еркі ғана жаман немесе жақсы бола алады. Стоицизм ізгілік немесе зұлымдық үшін жауапкершілік толығымен тұлғаның өзіне жүктелген деп тұжырымдайды. Онда өмір сүріп отырған адамның жаман немесе жақсы болғаны үшін қоғамды кінәлауға болмайды.

Стоицизмнің немқұрайдылығы

Апатия – антикалық этикада аффектіге бой алдырмау немесе оған самарқау қарауды білдіретін термин. Бұл этикалық түсініктің қайнар көздері Платонның философиясынан басталып, киниктер мен мегар мектептерінде толық мазмұнға ие болғандығы Аристотельдің «Никомах этикасы» еңбегінде атап өтілген. Киниктер мен стоиктер философиясында тағдыр адамға қандай қуаныш сыйласа да асып-таспай, барынан айырылып, бақытсыздыққа душар болып, тағдыр тәлкегіне ұшыраса да қайғыға батып, қорқыныш пен үрейге салынбай, тұрақтылығын сақтап, адамшылық жолынан таймайтын дана адамның болмысы Апатия ұғымымен берілген. Рим ойшылы Сенека бұл сөздің грек тілінен «қандай да болмасын азапқа мойымайтын жан деп тәржімалаған жөн» деп санаған. Апатия ұғымы әсіресе стоиктердің этикалық ілімінде ізгілік атаулының айрықша қасиеті болып, өзгеше мән-мағына береді. Егер де мегарлықтар апатияны мүлдем «сезімсіз» сүлейсоқтық күйі десе, стоиктер оны «сыртқы» заттарды теріс ұғынудың салдарынан пайда болатын аффектілерді жеңудің оң тәсілі деп түсіндіреді. Мұндай аффектілерге ең алдымен қайғы, үрей, құштарлық, ләззатты жатқызады. Стоиктердің пайымдауынша бұл – бақытқа жетудің бірден-бір қажетті шарты. Адам апатияға, кемелдікке, философиямен шұғылдану, өзін-өзі ізгілікке тәрбиелеу және қатаң өмір салтын ұстануы арқылы ғана жете алады.

Александриялық Филон тарапынан ерте христиандық этикаға енгізілген Апатия термині мұнда әулие жанның болмысын суреттеуде қолданылды. Сонымен қатар бұл терминнің этикалық түсінігі Жаңа заманда Спинозаның, кейін Иммануил Канттың философиясында көрініс тапқан.

Стоицизмді байсалдылық философия деуге болды. Оның этикасы – немқұрайдылық этикасы. Барлық адами құмарлықтар айыпталады. Стоицизм бойынша, адамның міндеті – қоғамды ізгілікке, батылдыққа, батырлыққа үндеу үшін, әділеттілікті қолдау үшін қоғамдық өмірге араласу болып табылады. Адам ізгі қасиеттерге ие болуы үшін осы міндеттерін дұрыс атқаруы тиіс. Бірақ мұқтаж адамдарға көмек көрсету, жалпыға бірдей бақытқа жету немесе шығармашылықты, белсенді және мығым қоғам қалыптастыру идеялары бұл көрініспен еш қиыспайды. Десек те стоицизм философиясын ұстанған адамдардың көбі қайырымды, жомарт және адамгершілігі жоғары адамдар болып қана қойған жоқ, бүкіл ғұмырларын қоғамға қызмет етуге арнады. Мұндай тұлғалардың арасынан белгілі Рим жазушысы Сенеканы және Рим императоры Марк Аврелийді ерекше бөліп көрсету қажет.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 8. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 2-бөлім

Түйін

Бұл мәселе бір-біріне қарсы ұғымдарға – ерік, еркіндігі мен детерминизмге жақындығы үшін сынауға бола ма? Бір жағынан, Зенонның ілімі космологиялық детерминизмге негізделген. Екінші жағынан, философ «ізгі қасиеттер адам еркінің өмірде жүзеге асуының көрінісі» деп тұжырымдады. Бұл – жалпы философияның, этиканың және христиандық теологияның ең күрделі мәселелерінің бірі. Ол ұзақ уақыт бойы шешілмеген күйде қалып келеді. Стоицизм бізге дүниеде болып жатқанның бәрі – жапырақтың түсуі, екі пойыздың соқтығысуы, Иракта соғыс бастау шешімі – алдын ала шешілген нәрсе дейді. Біз ештеңені де өзгерте алмаймыз, яғни белгілі бір іс-әрекеттерден сырт қалу, мінезімізді өзгерту мүмкін емес. «Бұл сіздің өз түсініктеріңізге сай келе ме? Сай келмесе, бұған қарсы қандай негізделген пікіріңіз бар?» – деп және сауал тастайды Дерек Джонстан.

Осы мәселе қазіргі заманғы психология үшін де өзекті және бұл қылмыстық құқықта да жиі туындайды. Біздің іс-әрекетіміздің бәрі алдын ала шешіліп қойған болса, Джо Блоггс өз көршісін өлтіргенінде стоицизм ұстанушысы: «Бұл оқиға болмай қоймайтын еді және ол Джоның өткен өміріне, өскен ортасына, тегіне, сол қауіпті сәтте ол тап болған жағдайға байланысты, кісі өлтіруші өзінің іс-әрекеттеріне жауапты болған жоқ», – дер еді дейді Д. Джонстан. Басқаша айтқанда, еркіндіктің сыртқы көрінісіне қарамастан, Джо Блоггс бәрібір еркін болмады және біздің ешқайсысымыз да еркін емеспіз. Бірақ біз ерік еркіндігі мәселесін қарастырсақ, сәл өзгеше түйін жасаймыз. Сонымен қатар «еркіндік» деген сөз алдыңғы дәрісімізде әртүрлі мағыналарда қолданылады. Егер «еркіндік» және «еркін» сөздері жекелеген жағдайларда әртүрлі ойлауды және іс-әрекет жасауды білдіретін болса, жоғарыда келтірілген дәйектер аздап қисынсыз, – дейді автор. Мен «еркінмін» дегенде, бұл сөзбен нені меңзеймін? Дәл қазір еркінмін, сондықтан бір қорап кэмпит сатып ала аламын. Сөйтуге еріктімін, оған толық мүмкіндігім де, бос уақытым да бар. Бірақ екінші жағынан, мен, мысалы, ұша алмаймын. Себебі қанатым жоқ. Демек, мен еркін емеспін. Көршілерімді өлтіруге еріксізбін: заңдар мен моральдық қағидалар менің ондай әрекет жасауыма тыйым салады деп ары қарай қорытады Д. Джонстан, яғни мен еркін емеспін. Сонда, сайып келгенде, мен еркінмін бе, жоқ па? Қорыта айтқанда, адамдардың бәрі бірдей заң немесе мораль нормаларын бұза алмайды деп түюге бейімбіз. Сіз «еркін» сөзінің басқа мағыналары туралы кеңінен ойлана алдыңыз ба? Ол мағыналарды қандай жағдайларда қолданған жөн? Стоицизмнің немқұрайдылық теориясына әлі де болса тереңірек бойлау жетпей тұрған сияқты. Немқұрайдылыққа бой үйрету, сонымен қатар, басқа адами сезімдер мен құндылықтардан қалыс қалу дұрыс па? – деп және сауал қояды. Мысалы, жақсы көретін және бағалайтын адамдарымыз қиын кезеңдерді бастан кешіп отырғанда оларға немқұрайды қарауымыз қалай болады? Бәлкім, онда тіпті теріс әрекеттің өзі, мәселен, ұрлық «немқұрайдылықпен», оған селт етпей, жанымыз ауырмай жат пиғылмен жасалса, ол да «моральдық» әрекет болып шыға ма? Шамасы, стоицизм философиясын өзгеше төтенше жағдайларда ғана қолдануға болатын сияқты. Философияның көпшілік мақұлдаған этикаға айналуы әбден мүмкін екені сондықтан болар? Егер де біз әдеттегіден өзгеше, өте күрделі жағдайға тап болсақ, мысалы, кепілдікке алынсақ, немқұрайдылық бізді қорғай алар еді. Бірақ, ер адамның немесе әйелдің осындай жағдайда әрі қарай не болатынына немқұрайды қарауы дұрыс болар ма екен? Егер адамдар жай ғана үйлерінде отырып, отбасы, балалары, достары және ағайындары туралы қам жемейтін болса, мұны моральдық прогресс деп атауға бола ма? Олар кепілдікке алынған адамдарға қатысты алғанда толық немқұрайды күйде болуы тиіс пе? Не болса да, бұл жерде өте қызықты, бірақ бір қарағанда байқалмайтын астарлы ой бар. Төтенше, шұғыл жағдайларды шешу жауапкершілігі жүктелген адамдар болған жайттарға тым эмоциялы қараса, қызметтерін тиімді атқара алмайды. Олар күрделі жағдайда айрықша қажыр-қайрат, жинақылық, төзімділік көрсетіп, өзін-өзі ұстай білуге тиіс. Бұл полицейлер, өрт сөндірушілер, медицина қызметкерлері өмірде жиі тап болатын қалыпты жағдаяттарға қатысты екенін атап өту қажет. Екінші жағынан, егер өмірде бәрі жақсы болса, немқұрайды болу ақымақтық сияқты, өйткені ондай сәттерге рақаттану керек қой. Стоицизм – жұбату философиясы. Апостол Павел түрмеде отырғанда: «Қандай халде болсам да, өмірден қанағат табуды үйрендім», – деп жариялаған болатын. Ол мұны нағыз ержүрек стоик сияқты айтты.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 1. Антикалық философия

Дәріс: 8. Эпикур мен Зенон: жақсы өмірдің сыры. 2-бөлім

Қорытынды

Аристотельден кейін ойлау сипаты өзгеше екі ойшыл – Эпикур мен Зенон келді. Олар өз назарларын қоғамға емес, адамға, тұлғаға аударды. Эпикурдың ойынша, ләззат – бірден-бір игілік. Ол адамдарға қарапайым және бірқалыпты, сонымен қатар, рақатқа сай өмір сүруге кеңес берді. Оның насихаты жеке тұлғаға бағытталды: қоғамды ұйымдастыру мен басқарудың көлемді жүйелерін ол екінші орынға ығыстырды. Бұл мәселе құрдымға кетіп бара жатқан дүниеде аман қалудың жолдарын ұсынған Зенонның да басты назарында болды. Түйіндеп айтқанда, бұл – жұбану, азапқа толы өмірден оқшаулану философиясы.